

## **Жамбыл облысында көп салалы жүк өткеру орталығын салу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 қазан 1993 ж. N 1027

Көліктің барлық түрлерімен халықаралық және ішкі жүк тасымалын қоса республиканың көлік-коммуникация жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Экономика министрлігінің және Жамбыл облысы әкімінің әскери авиабазаны конверсиялау негізінде Луговой стансасы ауданында көп салалы жүк өткеру орталығын (олигопорт) салу туралы ұсынысы қабылдансын, әрі ол ерекше мемлекеттік маңызы бар объектілердің санатына қосылсын.

2. Жамбыл облысының әкімі аталған объектіге жер учаскесі бөлінуін және оны салу мен пайдалануға беру үшін ұйымдастыру шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Құрылысты жобалауды, ұйымдастыруды және қаржыландыруды өзін өзі өтеу принципінің негізінде "Лакмэн Марукки Интернэшнл Корпорейшн" (АҚШ) халықаралық корпорациясының қамтамасыз ететіндігі еске алынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі объектіні

салуға қажетті қаржы операцияларын жүргізуде Жамбыл облысының әкіміне жәрдемдесетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары Жамбыл облысында сан алуан қызмет атқаратын жүк өткеру орталығын салуды ұйымдастыру мен оны пайдалануға беруде Жамбыл облысының әкіміне көмектесетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК